

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№472

2019 жылғы 11 желтоқсан

**Облыстық мәслихаттың кезекті
қырықыншы сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті қырықыншы сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. Облыстық бюджет және Ақтөбе қаласы, аудандар бюджеттері арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.
3. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №347 «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

4. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы.

6. Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының Құрмансай ауылдық округінің Торайғыр ауылын тарату туралы.

7. Ақтөбе облысының Алға, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Шалқар аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы.

8. Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қарғалы және Хромтау аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы.

9. «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы.

Хабарламашы: Н.С.Қалауов – облыс әкімі аппаратының басшысы

10. Ақтөбе облысында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру Қағидаларын бекіту туралы.

Хабарламашы: Н.Ж.Иманалин – құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы

11. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

12. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

13. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

14. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

15. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және цифрландыру мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебін бекіту туралы.

16. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

17. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 1 наурыздағы №391 «Ақтөбе қаласында қалалық жедел шұғыл медициналық көмек бекетін салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

18. Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін айқындау туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

19. «Ақтөбе қаласында 60 төсектік офтальмологиялық аурухана және күніне 500 адам қабылдайтын емхана салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

20. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қасбеттерін күрделі жөндеу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

21. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының галереясына екі

қабатты қосымша құрылыс салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

22. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық консультативтік-диагностикалық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының филиалын күрделі жөндеу», «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жылыту жүйесін күрделі жөндеу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

Хабарламашы: Ә.Ә.Қалиев – денсаулық сақтау басқармасының басшысы

23. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

24. Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызметтік автомашиналарының лимиті туралы.

25. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

26. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

27. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ж. МҰХАМБЕТПАИЗОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА